

¹Дюсембинова Р.Қ.^а, ²Бөжиг Ж., ²Сармантаев А.С., ¹Түлеужанова Қ.Ә.,
³Аяпбергенова Г.С.

¹Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан,

²Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан,

³Павлодар педагогикалық университеті, Қазақстан, Павлодар қ., Қазақстан

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТЕРІН ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Дюсембинова Райфа Кадыровна, Бөжиг Жанболат, Сармантаев Аян Сапарович.,
Түлеужанова Куралай Аскерхановна, Аяпбергенова Гүлсұм Сағындықовна

Дене шынықтыру сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін ұлттық ойындар арқылы қалыптастыру

Аңдатпа. Мақалада бастауыш сынып оқушыларының қазақ халқының ұлттық ойындары арқылы танымдық белсенділігін қалыптастыру жолдары сараланған. Алдымен танымдық белсенділік туралы ғалымдардың түйін ойлары, сонымен қатар қазақ халқының ұлттық ойындарын тәрбие құралы ретінде зерттеген шетел мен отандық ғалымдарымыздың еңбектеріне әдеби шолу жасалған. Қазақ халқының бала тәрбиелеу үдерісіндегі ұлттық ойындардың маңыздылығын қарастыра отырып, оқушыларының танымдық белсенділігін қазақ халқының ұлттық ойындар арқылы дене шынықтыру сабақтарында қалыптастыру мәселелерін зерделенген. Қазақ халқының ұлттық ойындарының еліміздің өңірлерінде атауларының ерекшеліктері барын, баланың таным белсенділігін қалыптастырудағы маңыздылығы мен ұлттық тәрбиедегі рөлі кеңінен қарастырылған. Сонымен қатар бастауыш сыныптарда дене шынықтыру сабақтарында оқушылардың танымдық белсенділіктерін қалыптастыруда қазақ халқының ұлттық ойындар тиімді пайдалану мәселесіне әр өңірінде жүргізілген сауалнама нәтижелерінің қорытындысы сараланып, тұжырымды пікір берілген.

Түйін сөздер: бастауыш сынып оқушылары, танымдық белсенділікті қалыптастыру, қазақ халқының ұлттық қозғалмалы ойындары.

Dyusembinova Raifa Kadirovna, Bozhig Zhanbolat, Sarmantaev Ayan Saparovich., Tuleuzhanova Kuralai Askerhanovna, Ayapbergenova Gulsum Sagyndykovna.

Formation of cognitive activity of lower school students in physical education lessons through national games

Abstract. The article analyzes the ways of formation of cognitive activity of Lower School students through the national games of the Kazakh people. First, the main ideas of scientists about cognitive activity, as well as a literary review of the works of foreign and domestic scientists who studied the national games of the Kazakh people as a means of education were presented. Considering the importance of National Games in the process of raising children of the Kazakh people, the problems of forming the cognitive activity of students of the Kazakh people in physical education lessons through National Games were studied. It is widely considered that the national games of the Kazakh people have the features of the names in the regions of the country, the importance of the formation of cognitive activity of the child and the role in National Education. In addition, the results of surveys conducted in different regions of the Kazakh people on the effective use of National Games in the formation of students' cognitive activity in physical education classes in the lower grades were analyzed and a conclusive opinion was given.

Key words: low school students, the formation of cognitive activity, National mobile games of the Kazakh people.

Дюсембинова Райфа Кадыровна, Бөжиг Жанболат, Сармантаев Аян Сапарович., Түлеужанова Куралай Аскерхановна, Аяпбергенова Гүлсұм Сағындықовна

Формирование познавательной активности младших школьников на уроках физической культуры через национальные игры

Аннотация. В статье проанализированы пути формирования познавательной активности младших школьников через национальные игры казахского народа. В первую очередь были представлены ключевые мысли ученых о познавательной деятельности, а также литературный обзор трудов зарубежных и отечественных ученых, изучавших национальные игры казахского народа как средство воспитания. Рассматривая значимость национальных игр в процессе воспитания детей казахского народа, были изучены вопросы формирования познавательной активности учащихся казахского народа на уроках физической культуры через национальные игры. Широко рассмотрены особенности наименований национальных игр казахского народа в регионах страны, значение в формировании познавательной активности ребенка и роль в национальном воспитании. Кроме того, обобщены результаты опроса, проведенного в разных регионах казахского народа по вопросу эффективного использования национальных игр в формировании познавательной активности учащихся на уроках физической культуры в младших классах.

Ключевые слова: учащиеся младших классов, формирование познавательной активности, национальные подвижные игры казахского народа.

Тақырыптың көкейкестілігі: Халқымыздың ұлттық қозғалмалы ойындардың бастауыш сыныптарда дене шынықтыру сабақтарында қолдану оқушылардың танымдық көкжиегінің артуы дененің өзін-өзі дамыту әдістерін жетілдіруге, дене қалпынның кербез жағдайын сақтауға, шығармашылық әлеуметтік белсенді тұлғаны тәрбиелеуге ықпал ететіндігін нақты дәлелдейді. Қазақ халқының ұлттық қозғалмалы ойындары педагогикалық дидактикалық функцияларды орындайды: бір уақытта оқыту әдісі, оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру құралы ретінде әрекет етеді.

Десе де, дене тәрбиесінің ілімі мен іс әрекетінде бұл бағыт тұтас ұсынылмаған, танымдық белсенділікті қалыптастыруға бағытталған дене тәрбиесінің құралдарын, әдістері мен үлгілерін, әсіресе қазақ халқының ұлттық қозғалмалы ойындарын мақсатты бағыттылықпен жүйелі пайдалану іс жүзінде назарға алынбай келеді.

Осы мәселенің көкейкестілігі бастауыш сынып оқушыларының дене шынықтыру сабақтарында қазақ халқының ұлттық қозғалмалы ойындары негізінде танымдық белсенділігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын айқындаумен әдістемесін әзірлеумен айшықталады.

Зерттеу нысаны–бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастыру.

Зерттеу пәні – дене шынықтыру сабағы үрдісі.

Зерттеу мәселесі – дене шынықтыру сабағында бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастырудың құрылымын жасауында.

Зерттеу мақсаты – бастауыш сынып оқушыларының дене шынықтыру сабақтарында қазақ халқының ұлттық қозғалмалы ойындары негізінде танымдық белсенділігін қалыптастыру жолдарын айқындау;

Зерттеу міндеттері – бастауыш сынып оқушыларының қазақ халқының ұлттық ойындары арқылы танымдық қызығушылығын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтау;

– бастауыш сынып оқушыларының қазақ халқының ұлттық ойындары арқылы танымдық қызығушылығын қалыптастырудың тиімді әдістемесін әзірлеу және оны тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелілігін тексеру.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылы 01 қыркүйек күні «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында: «Денсаулық

кепілі – дене шынықтыру ...Жұрттың және балалардың спортпен шұғылдануына жағдай жасалуы қажет екенін тағы да қайталап айтамын,- тұжырымдалған болатын [1].

Қазақстан Республикасының Дене шынықтыру және спорт туралы Заңында: «Дене шынықтыру–мәдениеттің ажырамас бөлігі, адамның дене бітімін және зияткерлік қабілеттерін дамыту, оның қозғалыс белсенділігін жетілдіру және саламатты өмір салтын қалыптастыру, дене шынықтыру мен дене бітімін дамыту арқылы әлеуметтік бейімдеу мақсатында қоғам жасайтын және пайдаланатын, рухани және материалдық құндылықтар жиынтығын білдіретін әлеуметтік қызмет саласы» ретінде дене шынықтыру тәрбиесі мәселелерінің шешімін табуға бағытталғандығын айқын дәлелдейді [2].

“Жайлы мектеп” ұлттық пилоттық жобасы шеңберінде МЖБС сәйкес 2025 жылдың соңына дейін бірыңғай заманауи құрылыс және тиісті жабдықтармен жарактандыру жобалары бойынша кемінде 800 мың орындық мектеп салу көзделген. Ол мектептерде мамандандырылған кабинеттер, заманауи жабдықтармен жабдықталған әмбебап шеберханалар, спорт залдары, кітап қоймасы, ресурстық орталық, медиатека және оқу залы бар кітапхана жұмыс істейді, әрі мектеп аумағында дене шынықтыру-спорт аймақтары, ашық ойындарға арналған алаңдар орналасатын болады,- делінген [3].

Негізгі бөлім. Ендеше, танымдық белсенділік ұғымы жөнінде ғылыми еңбектерде берілген анықтамалар әрі, бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін құралдар арқылы тәрбиелеу жолдарын зерттеген отандық ғалымдардың ғылыми-зерттеу еңбектерінде «танымдық белсенділікке» берген төл анықтамаларына талдау жүргіздік.

Таным жеке тұлғаның әлеуметтік-мәдени өмірін қамтамасыз ететін көптеген қажеттіліктерді тануға деген құштарлық. Оған қажеттілік бірқатар философиялық және жеке ғылыми пәндерде өзінің ілімдік негіздемесінде сипатталды әрі таным туралы ілім (таным теориясы) негізі бола алды.

Е.В. Ермоленко мен Г.А. Хабибуллина: «Таным – бұл әлем туралы сенімді білім алуға бағытталған адамның шығармашылық қызметі. ...Танымның қозғаушы күштері-бұл қажеттіліктер, мүдделер, ұмтылыстар және т.б. рөл атқаратын мотивтер» [4].

Философиялық энциклопедияда: «Таным-тәжірибенің әртүрлі контекстерін синтездеу кезінде адамның әлеммен және басқа адамдар-

мен өзара әрекеттесуіне ықпал ететін символдық жүйелерді құру, іс-әрекет пен қарым-қатынастың идеалды жоспарларын құру процесі», - деген анықтама берілген [5].

Сонымен таным феноменіне берілген анықтамаларды саралай келе: «Таным- дегеніміз объективті болмыстың ойлау қызметіне негізделген сезімдер арқылы түйсініп қабылданатын, әлем туралы ақпарат алудың әртүрлі әдістері мен тәсілдерін қамтитын іс-әрекет», - тұжырымдаймыз.

Ұлттымыздың көрнекті ағартушылары Абай Құнанбаев, Ыбрай Алтынсарин, қоғам-қайраткерлері-педагогтар Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов және т.б. еңбектерінде таным, танымдық белсенділік мәселелеріне назар аударып, жеке тұлғаның тәрбиесі мен дамуындағы ұлттық тәрбиенің маңыздылығы мен мазмұнын аша алған.

Ж. Аймауытов: «Баланы бір нәрсеге үйрету немесе пайдалы дағдыны қондыратын кез - баланың сүйегіне біткен икемі сыртқа шығып біліне бастаған шағы. Сондықтан баланың бір іске құлшынысы пайда болғанда, дене күшін машықтандыратын істерді көбірек беріңдер. Мейлі шапшаң есептеу, санау болсын, мейлі өлең жаттау, мейлі сурет салу, мейлі өсімдік жинау болсын, қысқасы, неге талпынса, соны істеу керек», - деп ізгілікке тәрбиелеудің жолын нұсқаған [6].

Тұлға *белсенділігі* – адамның шығармашылықтағы, іс-әрекеттегі, қоғамдағы, қарым-қатынастағы тегеуірділігі. Бұл адамның әлеуметтік өзгерістерге араласуынан байқататын қасиет. Тұлға *белсенділігі* оның идеялық принциптілігі мен өз көзқарасынан таймауынан, сөзі мен ісінің бірліппен көрінетін адамның белсенді өмірлік позициясы ретінде сипатталады [7].

М.С. Каган: «Белсенділік жанды материяның ішкі детерминацияланған қозғалысы...», - деген анықтама берсе [8], ал В.С. Тухтин: «Белсенділік тіршілік иелерінің жанды ортадағы өзін-өзі сақтау, бейімдеу, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі жаңғырту сияқты қабілеттерімен байланысты», - деп қарастырады [9].

Танымдық белсенділік ұғымына және оның белгілері мен қасиеттерін сипаттайтын анықтамалар баршылық. Танымдық белсенділік- бұл білім алушының белгісіздеу процесіне қатысуымен сипатталатын танымдағы қуат деңгейі.

Н. Қ. Тоқсанбаева танымдық белсенділік «объектіні өзгертуге және алға қойылған міндет пен мақсатқа жетуге бағытталған» же-

ке қасиет, «оқуға деген ұмтылыспен, ақыл-ойды жұмылдырумен және ерік-жігердің көрінісімен сипатталатын білім алушының белсенді жағдайы» деген тұжырымды ойға келеді [10].

Ғылыми әдебиеттерді талдауда танымдық белсенділікті арттырудың бірнеше бағыттары бар екенін көрсетеді.

Ойынды тәрбие құралы ретінде арнайы зерттеу ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында (К. Гросс, Ж. Пиаже, Э. Эриксон, Л.С. Выготский, В.В. Давыдов, А.А. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, Д.Б. Эльконин) сынды философтар мен психологтардың зерттеулерінен байқаймыз, ғалымдар ойынның психологиялық аспектілеріне назар аударды.

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылықтары мен белсенділігін қалыптастыруда қозғалмалы ойындарды қолдану қажеттілігін (Х.Э. Абдулшехидова, Б.П. Мартиросян, С.А. Башаева және т.б.) зерттеулеріне арқау етеді.

Жеке тұлғаның танымдық белсенділігін қалыптастыру мәселесін зерттеген отандық ғалымдар: халық педагогикасы құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін дамыту (Т.И. Қоқымбаева) [11], қазіргі кезеңде жоғары сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары (А.С. Мустояпова) [12], бастауыш сынып оқушыларының қазақ халық ертегілеріне танымдық қызығушылығын қалыптастыру (А.Ж. Едігенова) [13], компьютерлік технологияны пайдалану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың дидактикалық шарттары (Б.Т. Абыканованың) [14], қазақ ақын-жазушыларының шығармалары арқылы студенттердің танымдық белсенділігін дамыту (Е.Қ. Нұрланбекова) [15], оқу-тәрбие үдерісіндегі қазақ халық педагогикасының құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының эстетикалық талғамын қалыптастыру (А.Ә. Суюбердиева) [16] өздерінің зерттеу жұмыстарында қарастырған.

Дене тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтарды пайдалану бағытындағы Ж.Б. Абишевтің [17], А.А. Сармантаевтың еңбектерінің біздің зерттеу мәселемізге қатысты маңызы мәліметтер көреміз [18].

Зерттеулер дене шынықтыру сабақтарында оқушылардың танымдық белсенділігінің артуы дененің өзін-өзі жетілдіру әдістерін дамытуға, ағзаның қалыпты жағдайын сақтауға, шығармашыл, әлеуметтік тұрғыда белсенді жеке тұлғаны тәрбиелеуге аса маңыздылыққа ие

екендігін дәлелдейді. Педагогика саласында танымдық белсенділікті қалыптастыру мәселесі бойынша зерттеулер, оның компоненттерін зерттеуі де, оны қалыптастырушы құралдары мен әдістері әліде болса тұжырымдалуда. Демек, дене тәрбиесінің ілімі мен іс әрекетінде бұл бағыт тұтас ұсынылмаған, танымдық белсенділікті қалыптастыруға бағытталған дене шынықтыру құралдары, әдістері мен формалары, тіптен қазақ халқының ұлттық ойындарын мақсатты бағыттылықпен жүйелі пайдалану іс жүзінде ғалымдарымыздың зерттеулері көл қуантарлық емес.

Зерттеу мақаламызға қатысты әдебиеттерге жасаған шолуда белсенділікті қалыптастыру мәселесі жайлы ғалымдардың айтқан пікірлерін қорытындылай келе, біздің түсінігімізде: «Танымдық белсенділік – жеке тұлғаның танымдық іс-әрекетінің қарқындылығымен, ұзақтығымен және жиілігімен сипатталатын үдеріс», – ретінде нақтылаймыз, ал бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігі дегенді «Оқушының оқу мазмұны мен үрдісіне деген көзқарасында, білім мен дағдыларды тиімді игеруге деген ұмтылысында, мақсатқа жету үшін ерік-жігер күштерін жұмылдыра алуында көрініс алатын оқу іс-әрекетінің сапасы», – деген тұжырымдамаға тоқталамыз.

Қазақ халқының ұлттық ойындардың тарихын және олардың бала тәрбиесіндегі маңызын, ұлттық тәрбие, ұлттық ойындарды дамыту, қолдану жолдарын жіктеп, топтастырған қазақстандық ғалымдар (Б. Төтенаев [19], Б.М. Досқараев [20], М. Таникеев [21], Ә. Бүркітбаев [22], Е. Сағындықов [23], Т. Қуанышов [24], Ж. Төлегенов [25], Б. Тойлыбаев [26], А.К. Айтпаева [27] және т.б.).

Балалардың таным белсенділігін қалыптастыратын қазақ халқының ұлттық ойындарын төрт топқа жіктеген:

- логикалық оймен математикалық сызбаларға негізделген ойындар. олар: өзі–ойша санауға, ауызша есеп, амалдарға қолдануға, ойлауды дамытуға негізделген ойындар;

- тез ойлау жедел шешімді талап ететін ойындар;

- философиялық ой жүйені дамытуға негізделген ойындар деп атап оны ақыл-ойды шыңдауға арналған ойындар;

- абстракциялық ойлау мен тіл дамытуға негізделген ойындар деп топтаған ойындардың өзін жануарларға байланысты абстракциялық ойды реттеп жүйелейтін ойындар деп келтірген. Төрт ойын топтары да ақыл-ойды шыңдауға

дүние танымды дамытуға арналған ойындар деп топталып, түйінделген[28].

Біз өз зерттеуімізде қазақ халқының ұлттық ойындарын дене шынықтыру сабағындағы жүгіру, секіру, тепе-теңдік сақтау, еңбектеу, өрмелеу қимыл-қозғалыс, лақтыру және қағып алу, жалпы даму жатыңулары бойынша жеке-жеке бөліп, оқушылардың ағзасын шынықтыру барысындағы сабақты қызықты әрі пайдыалы өткізуді көздедік.

Бастауыш сынып оқушыларына қажетті қазақ халқының ұлттық ойындарды топтау барысында ойынның мазмұны мен ойнау тәртібі, ойын тақырыбы, оның қозғалыс қызметі мен ережесін меңгеру қажет. Себебі осы қазақ халқының ұлттық ойынның мазмұны оның тәрбиелік маңызын анықтап, баланың ойын қимылын қаншалықты қабылдайтынын көрсетеді. Ойын мазмұнынан қимыл-қозғалыс тапсырмасын қаншалықты ұйымдасып орындалғаны көрінеді.

Біз өз зерттеуіміз барысында оқушыларға арналған барлық қазақ халқының ұлттық ойындарды бес үлкен санатта қарастырдық:

- Ұлттық қозғалмалы ойындар түрлері;

- Ой ойындары;

- Спорттық бағыттағы ойындар;

- Халықтық ойын түрлері

- Ептілікпен дәлдікті бағытталған ойындар;

Ұлттық қозғалмалы ойындар санатына-алдын-ала белгіленген мазмұны бар, ойнау кезінде белгіленген тәртіпті сақтауға негізделген және жан-жануар, аң-құс т.б. нәрселерге еліктеу, соларға тән ерекшеліктерді міндеті түрде сақтау арқылы ойналатын ойындар түрлері;

Ой ойындарына-өз аты айтып тұрғандай ой қабілеті арқылы шешімін табуға негізделген ойындар түрлері енді.

Спорттық бағыттағы ойындарға-ережесі бар спорттық бағыттағы ойындар енгізілді.

Халықтық ойын тобына-ойын кезінде ойнау тәртібін еркін өзгертуге болатын белгілі бір ережеге бағынбайтын ойын түрлері топтастырылды. Ойын түрлерін осы тәртіппен топтастыруға мақсатымыз дене шынықтыру сабағының мақсатына байланысты ойындарды оқушылар мүмкіндігіне байланысты таңдап алу-ды жеңілдету.

Қазақ халқының ұлттық ойындарының ел арасында кең тарауының арқасында бір ойынның әр жерде әртүрлі тәртіппен ойналуы және олардың аттарының әртүрлі болып келеді.

Ойынның ұлттық деп атауының астарында кең мағына бар: біріншіден ұлт ойындары әртүрлі ерекшелігін даралап көрсететін

ұлтқа тән қасиеттерді ашып айтып көрсете алатындығымен ерекшеленеді, екіншіден, ұлттық ойындар, ұлттық әдет-ғұрыптарды салт-сананы, дәстүрді өз ойына жақсы сіңірген, сол арқылы жас ұрпақ ұлтқа тән қасиеттерді ойын барысында еркін меңгеріп жастайынан дамытуға мүмкіншілік алады.

Үшіншіден, ұлт ойындарының бойына ұлтқа тән психологиялық ерекшеліктер топтасқан, өмір, тұрмыс, еңбек тәжірибесінің көрінісін бала өзінше қайталап, толықтыра отырып өнеге, үлгі, тәлім-тәрбие алады өз ұлттың өкілі ретінде қалыптасады.

Бала өзінің қоршаған ортаны, айналасындағы заттар мен құбылыстарды ойын арқылы түсініп, ұғынады. Тек көру, байқау арқылы емес, тікелей араласып, іс-әрекетке көшіп, нақты қарым-қатынас барысында біледі. Мұны ұғынуда ойын шешуші мәнге ие болады. ендеше, түрлі заттар мен құбылыстарды, адамдар арасындағы қарым-қатынасты баланың білуі, сезінуі ойын негізінде жүзеге асады.

«Баланың таным түсінігі, іс-әрекеті ойыннан бастау алады да, болашақ өмірінде жалғасын табады. Баланың ойын кезіндегі қимыл – қозғалысы дене бітімін жетілдірсе, іс - әрекеттегі амал тәсілдері ой сананың дамуына, таным - түсінік, мінез – құлық әдептерін бекітуіне, бәрі тұтаса келіп жеке тұлғаның қалыптасуына жол ашады деп атап көрсетеді ғалым Ұ.Т. Төленова [29].

Сондықтан қазақ халқының ұлттық ойындарын бүгінгі балалар өміріне енгізу қазіргі заманда туындап отырған қажеттілік.

Зерттеу барысында, біз бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қазақ халқының ұлттық қозғалмалы ойындар арқылы дене шынықтыру сабақтарында қалыптастыру жүйесін жасауға негіз бола алатын теориялық-әдіснамалық негіздерінің ашылмағандығы және зерттелетін мәселенің кәсіби маңызды аспектілерінің жеткілікті деңгейде анықталмағандығына көз жеткіздік. Осылайша бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында қазақ халқының ұлттық ойындар арқылы қалыптастыру деңгейіне көңіліміздің толмағандығын айқындадық.

Алынған теориялық және практикалық ақпаратты талдау және жалпылау нәтижесінде Қарағанды, Павлодар және Талдықорған қалаларының жалпы орта білім беретін мектептерінің 1-4 сынып оқушыларына салыстырмалы бақылау үшін сауалнама жүргізген болатын-

быз (саны 165 адам). Сауалнама өткізуіміздің мақсаты- бастауыш сынып оқушыларының дене шынықтыру сабақтарында қазақ халқының ұлттық қозғалмалы ойындары арқылы танымдық белсенділігінің қалыптасу деңгейлерін саралау.

Біз сауалнамаға 4 жауаптан тұратын 10 сұрақ дайындаған болатынбыз. Сауалнаманы толтырған кезде «ешқашан», «кейде», «жиі» және «әрдайым» сияқты жауаптар нұсқасы берілді. Оқушылар ең жоғары 40 ұпай жинай алды. Осылайша, жинаған ұпай саны қазақ халқының ұлттық қозғалмалы ойындары негізінде танымдық белсенділігінің қалыптасу деңгейіне қорытынды жасадық. 0 - ден 10 ұпай жинаған бастауыш сынып оқушыларының қазақ халқының ұлттық қозғалмалы ойындары арқылы танымдық белсенділігінің қалыптасу танымдық белсенділігі өте төмен, 11 -22 ұпай – төмен, 23-34 ұпай – орташа және 35 - тен 40 ұпай жоғары деңгей шкаласымен бағалаған болатынбыз.

Біз жүргізген сауалнама нәтижесі бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігінің қалыптасудағы қазақ халқының ұлттық қозғалмалы ойындарын пайдалану деңгейі олардың толыққанды дамуы үшін жеткіліксіз екенін көрсетеді.

Елімізде білім беру мазмұнын қайта құру адамның зияткерлік, адамгершілік, эстетикалық және дене дамуының жоғары деңгейіне жетуіне жағдай жасауды мақсат қоюда. Жас ұрпақтардың дене тәрбиесі әрдайым халқымыздың тәрбиесінде басты назарында болған.

Қазақ халқының ұлттық қозғалмалы ойындарына бастауыш сыныптарда оқушыларға тәлім-тәрбие берудің өзіне тән формасы ретінде жүгіну оның балалардың таным белсенділігін қамтамасыз ететіндігіне және жүйелі білім алу талабына қайшы келмеуіне баса назар бөлген жөн.

Зерттеу қазақ халқының ұлттық қозғалмалы ойындары өзге де халық ойындары сияқты, үлкен тәрбиелік және даму әлеуеті жоғары. Қазақ халқының ұлттық қозғалмалы ойындары танымдық және қозғалыс белсенділігінің негізгі түрі және рухани-адамгершілік мәдениеттің элементі ретінде бастауыш сынып оқушының жеке басының тәрбиесі мен дамуына маңызы құнды. Қазақ халық ойындарының мазмұнына кіретін ойын әрекеттері мен тапсырмалары баланың сөйлеуін, шығармашылығын дамытумен қатар жақсы көңіл-күй қалыптастырады, ақыл-ой мен дене сапасын дамытады.

Қазақ халқының ұлттық қозғалмалы ойындарында жас ұрпақ бойына ұлттық рух,

ұлттық мінездің ең жақсы белгілері, ар-намыспен тектілік туралы идеялар, мұраттарға деген ұмтылыс көрініс беретіндіктен бастауыш сынып оқушыларының ортасында өзін-өзі анықтауына, тұлғаның коммуникативті бірегейлігіне, эмоционалды тұрақтылықтың қалыптасуына әсер етеді.

Бастауыш сыныпта дене шынықтыру сабақтарында қазақ халқының ұлттық ойындар арқылы оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастыру бағытындағы ізденістер келесі **қорытындыларды** тұжырымдауға мүмкіндік береді:

– Қазақ халқының ұлттық қозғалмалы ойындары бастауыш сынып оқушыларын білім меңгеру сапасы мен тиімділігін арттырып қана қоймай, сонымен қатар оқушылардың мотивациялық-қажеттілік саласын, мектеп пәндерін меңгеруге, оқуға деген танымдық қызығушылығын дамытуда өзіндік құзыретке ие, бұл үйлесімді дамыған тұлғаның негіздерін қалыптастыру үшін өте маңыздығын айқындады.

– бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастыруда жас ерекшеліктері тұрақтылық пен ерікті назар аудару, визуалды-бейнелі ойлау түрінің басым болуымен байланысты қазақ халқының ұлттық ойындары балалардағы мінез-құлық үрдісінің дамуына ықпал ете алатыны нақтыланды.

Осы қорытынды тұжырымдарға негіздей отырып төмендегідей **ұсыныстар** беріп отырмыз:

– қазақ халқының ұлттық қозғалмалы ойындарының бастауыш мектеп жасындағы тұлғаның танымдық белсенділігін дамыту мен тәрбиелеудегі маңызы айырықша екендігі ойын әр балаға өзін субъект ретінде сезінуге, өзінің жеке тұлғасын көрсетуге және дамытуға мүмкіндік береді.

– дене шынықтыру сабағында бастауыш сынып оқушыларының таным белсенділігінің маңыздылығын ескере отырып, қазақ халқының ұлттық қозғалмалы ойындарын негізгі құралы ретінде қолдану;

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылы 01 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауы. Дереккөз: <https://primeminister.kz/kz/addresses/01092021>.
- 2 Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт турлы» Заңы. 2014 жылдың 3 шілдесі, №228-V ҚРЗ қабылданған // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000228>. 07.01.2018.
- 3 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысы
- 4 Ермоленко Е.В., Хабибуллина Г.А. Значение познания в жизни человека // Международный журнал экспериментального образования. – 2015. – № 8-3. – С. 414-414; URL: <https://expeducation.ru/ru/article/view?id=8176> (дата обращения: 15.01.2022).
- 5 Новейший философский словарь / [В. А. Кондрашов, Д. А. Чекалов, В. П. Копорулина]. – Изд. 3-е. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2008. – 668 с.; 21 см. – (Серия «Словари»); ISBN 978-5-222-13572
- 6 Аймауытов Ж. Шығармалары. – Алматы. Жазушы, 1989. – 272 б.
- 7 Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. — 344 б.
- 8 Каган М.С. Введение в историю мировой культуры. – СПб., 2000. – Кн. 1. – 383 с.
- 9 Тюхтин В.С. Кибернетика и вопросы синтеза научного знания // В кн.: Синтез современного научного знания. – М., 1973. – 250 с.
- 10 Тоқсанбаева Н. К. Танымдық іс-әрекетке кіріспе. - Алматы : Қазақ университеті , 2020. - 164 б.
- 11 Қоқымбаева Т.И. Халық педагогикасының құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін дамыту. пед. ғылым. канд.автореферат дисс...- Қарағанды, 2000. - 28 б.
- 12 Мустояпова А.С. Қазіргі кезеңде жоғары сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: пед.ғылым.канд. дис.автореф... - Алматы : 2003. – 26 б.
- 13 Едігенова А.Ж. Бастауыш сынып оқушыларының қазақ халық ертегілеріне танымдық қызығушылығын қалыптастыру: пед.ғылым.канд..дис.автореф... – Алматы: 2004. – 30 б.
- 14 Абыканова Б.Т. Компьютерлік технологияны пайдалану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың дидактикалық шарттары. пед. ғылым. канд. дис. автореф... – Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар пед.ин-ты. - 2005. - 27 с.
- 15 Нурланбекова Е.К. Қазақ ақын-жазушыларының шығармалары арқылы студенттердің танымдық белсенділігін дамыту (ағылшын тілі пәні негізінде). пед. ғылым. канд. автореф... – Алматы: Қазақ мемлекет. пед. ин-ті. 2006. - 28 б.
- 16 Суюбердиева А.Ә. Оқу-тәрбие үдерісіндегі қазақ халық педагогикасының құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының эстетикалық талғамын қалыптастыру. пед. ғылым. канд. автореферат дис. ... М.Әуезов атын. Оңтүстік Қазақстан мемлекет. ун-ті. - Шымкент, 2010. - 24 б.
- 17 Abildina Saltanat, Abishev Zhandos, Dusembinova Raifa, Sarzhanova Galiya. Mukhametzhanova Aigul Preparation of future teachers for primaru scools to developer the scoolchil dren s health culture // Journal of Organizational Behavior Rsearch Cilt / Vol. 4, Sayi/ Is.: 1, - 2019, - P. 33-42.
- 18 Sarmantayev A.S., Ishanov P.Z., Sadykov K.I. et al. Physical Education in Primary Schools: Cognitive Stimulation, National Active Games and Cultural Background // Space and Culture. – 2020. – Vol. 7(4). – P. 255-263.
- 19 Төтенаев. Б. Қазақстың ұлттық ойындары. Монография. – Алматы: Қазақстан, 1978. – 163 б.

- 20 Досқараев. Б.М. Қазақстан аймағында көне дәуірден феодальдық кезеңге типтік мемлекеттік пайда болуына аралықтағы дене тәбиесі. Пед.ғыл.канд. автореф... -Алматы: 1993. - 30 б.
- 21 Таникеев М.Т. Казахские национальные виды спорта и игры. – Алма-ата. 1957. – 62 с.
- 22 Бүркітбаев Ә. Спорттық ұлттық ойын түрлері және оның тәрбиелік мәні. Оқу құралы.-Алматы: Қазақстан, 1985. -132 б.
- 23 Сағындықов Е.. Ұлттық ойындарды оқу тәрбие ісінде пайдалану. Монография. –Алматы: Рауан, 1991. - 160 б.
- 24 Куанышев Т.Ш. Подготовка будущих учителей физической культуры национальных игр. автореф., дис.. канд. пед. наук. – Алматы, 1992. – 30 с.
- 25 Төлегенов Ж.М. Қазіргі педагогикалық үрдісте қазақтың ұлттық дене тәрбиесінің құралы мен формасы. пед. ғыл. канд. дисс.: – Алматы: 1992. – 165 б.
- 26 Тойлыбаев Б. Бастауыш мектеп оқушыларына дене тәрбиесін беруде халықтық педагогика элементтерін пайдалану. пед. ғыл. канд. дис. автореф. Алматы, 1997. – 23 б.
- 27 Айтпаева А.К. Қазақ халық ойындары-бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу құралы. Пед.ғыл.канд. дисс. автореф... – Алматы: 30 б.
- 28 Құралбекұлы А., Әкімбайұлы С. Оқушылар дене шынықтыруының этнопедагогикалық негіздері. – Алматы: 2000. – 450 б.
- 29 Төленова Ү.Т. Балабақшадағы аралас топ оқушыларын ұлттық ойындар арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. Пед.ғыл. канд.диссер.автореф... – Алматы, 29 б.

References

- 1 Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылы 01 қыркүйектегі «Халық бірлігі және зhyjeli reformalar – el өrkendeuiniң берik negizi» atty ZHoldauy. Derekkөz: <https://primeminister.kz/kz/addresses/01092021>.
- 2 Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт турлы» Заңы. 2014 жылдың 3 шилдесі, №228-V ҚРЗ қабылданған // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000228>. 07.01.2018.
- 3 Қазақстан Республикасында bilim berudi damytudың 2022 – 2026 жылдарға арналған тызhyrymdamasyn bekitu turaly. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысы
- 4 Ermolenko E.V., Habibullina G.A. Znachenie poznaniya v zhizni cheloveka // Mezhdunarodnyj zhurnal eksperimental'nogo obrazovaniya. – 2015. – № 8-3.– S. 414-414; URL: <https://expeducation.ru/ru/article/view?id=8176> (data obrashcheniya: 15.01.2022).
- 5 Novejshij filosofskij slovar' / [V. A. Kondrashov, D. A. Chekalov, V. P. Kopolulina]. - Izd. 3-e. - Rostov-na-Donu: Feniks, 2008. – 668 s.; 21 sm. - (Seriya «Slovari»); ISBN 978-5-222-13572
- 6 Ajmauytov ZH. SHығармалary. – Almaty. ZHazyshy, 1989. – 272 b.
- 7 Biekenov K., Sadyrova M. Әleumettanudың тыsındirme sözdigi. – Almaty: Sөzdik-Slovar', 2007. — 344 b.
- 8 Kagan M.S. Vvedenie v istoriyu mirovoj kul'tury. – SPb., 2000. – Kn. 1. – 383 s.
- 9 Tyuhtin V.S. Kibernetika i voprosy sinteza nauchnogo znaniya // V kn.: Sintez sovremennogo nauchnogo znaniya. – M., 1973. – 250 s.
- 10 Toksanbaeva N. Қ. Tanymдық is-әreketke kirispe. - Almaty : Қазақ universiteti , 2020. - 164 b.
- 11 Қоқымбаева Т.І. Халық педагогикасының құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін дамыту. пед. ғылым. канд.автореферат дисс.- Қарағанды, 2000. - 28 б.
- 12 Mustoyarova A.S. Қазіргі кезеңде зһоғары сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: пед.ғылым.канд. дис.автореф... - Алматы : 2003. – 26 б.
- 13 Edigenova A.ZH. Bастауыш сынып оқушыларының қазақ халық ертегілеріне танымдық қызығушылығын қалыптастыру : пед.ғылым. канд..дис.автореф...- Алматы: 2004. – 30 б.
- 14 Abykanova B.T. Komp'yuterlik tekhnologiyany pajdalanu арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың дидактикалық шарттары. пед. ғылым. канд ..дис. автореф... –Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар пед.ин-ты. - 2005. - 27 с.
- 15 Nurlanbekova E.K. Қазақ ақын-zhazushylaryның шығармалары арқылы studentterдің танымдық белсенділігін дамыту (ағылшын тілі рәні негізінде). пед. ғылым. канд. автореф...–Алматы: Қазақ мемлекет. пед. ин-ті. 2006. - 28 б.
- 16 Suyuberdieva A.Ә. Оқу-тәрбие үдерісіндегі қазақ халық педагогикасының құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының эстетикалық талғамын қалыптастыру. пед. ғылым. канд. автореферат дис. .. М.Әуезов аты. Оңтүстік Қазақстан мемлекет. un-ті. - SHymkent, 2010. - 24 б.
- 17 Abildina Saltanat, Abishev Zhandos, Dusembinova Raifa, Sarzhanova Galiya. Mukhametzhanova Aigul Preparation of future teachers for primaru scools to develor the schoolchil dren s health culture // Journal of Organizationel Behavior Rsearch Cilt / Vol. 4, Sayi/ Is.: 1, – 2019, – P. 33-42.
- 18 Sarmantaev A.S., Ishanov P.Z., Sadykov K.I. et al. Physical Education in Primary Schools: Cognitive Stimulation, National Active Games and Cultural Background // Space and Culture. – 2020. – Vol. 7(4). – P. 255-263.
- 19 Төтенаев. В. Қазақстудың ұлттық ойындары. Монография.-Алматы: Қазақстан, 1978. – 163 б.
- 20 Досқараев. Б.М. Қазақстан аймағында көне дәуірден феодальдық кезеңге типтік мемлекеттік пайда болуына аралықтағы дене тәбиесі. Пед.ғыл.канд. автореф... -Алматы: 1993. - 30 б.
- 21 Таникеев М.Т. Kazahskie nacional'nye vidy sporta i igrы. – Alma-ata. 1957. – 62 s.
- 22 Бүркітбаев Ә. Спорттық ұлттық ойын түрлері және оның тәрбиелік мәні. Оқу құралы.-Алматы: Қазақстан, 1985. -132 б.
- 23 Сағындықов Е.. Ұлттық ойындарды оқу тәрбие ісінде пайдалану. Монография. –Алматы: Рауан, 1991. - 160 б.
- 24 Kuanyshchev T.SH. Podgotovka budushchih uchitelej fizicheskoy kul'tury nacional'nyh igr. avtoref., dis.. канд. пед. nauk. - Almaty, 1992. – 30 б.
- 25 Tölegenov ZH.M. Қазіргі педагогикалық үрдісте қазақтың ұлттық дене тәрбиесінің құралы мен формасы. пед. ғыл. канд. дисс.: - Almaty: 1992. – 165 б.
- 26 Tojlybaev B. Bастауыш мектеп оқушыларына дене тәрбиесін беруде халықтық педагогика элементтерін пайдалану. пед. ғыл. канд. дис. автореф. Алматы, 1997, - 23 б.

- 27 Айтпаева А.К. Қазақ халық ояндары-бастауыш сынып оқушыларын тәрбиеу құралы. Ped.fyl.kand. diss. avtoref... - Almaty: 30 b.
 28 Құралбекұлы А., Әкімбайұлы С. Оқушылар дене шынықтыруының etnopedagogикалық негіздері. – Almaty: 2000. – 450 b.
 29 Теленова Ү.Т. Балабақшадары аралас топ оқушыларын ұлттық ояндар арқылы адамгершілікке тәрбиеу. Ped.fyl.kand.disser. avtoref... – Almaty: - 29 b.

<p>Хат-хабарларға арналған автор (бірінші автор) Дюсембинова Райфа Кадыровна педагогика ғылымдарының докторы, профессор. І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ, Қазақстан, e-mail: add@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0001-9625-7940</p>	<p>Автор для корреспонденции (первый автор) Дюсембинова Райфа Кадыровна – доктор педагогических наук, профессор. Жетісуский университет им. И. Жансугурова, г. Талдықорған, Казахстан, e-mail: add@mail.ru@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0001-9625-7940</p>	<p>The Author for Correspondence (The First Author) Dyusembinova Raifa Kadirovna, doctor of pedagogical sciences, professor. Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan, e-mail: add@mail.ru@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0001-9625-7940</p>
--	---	---